

Бекітемін

„Дони” балабақшасының

Менгерушісі: Л.К. Дюсенбаева



Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының бағдарларын ұсынған. Олар: «Жаңа тұрпаттағы жаңғырудың ең басты шарты-ұлттық құндылығыңды сақтай білу. Ұлттық құндылықтар арқылы болашақ ұрпақты тәрбиелеу, туған жерге деген сүйіспеншілік, Қазақстанға деген патриоттық сезімге баулу.

Балабақшамызда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша ерте жастағы балаларды күту және дамыту, оларда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру мақсатында тәрбие мен білім беру процесіне 2018-2019 оқу жылынан бастап енгізіп, ұлттық дәстүрмен қалыптасқан білім мен тәрбие берудің озық үлгілерін жаңашыл әдістерімен ұштастыра отырып пайдалану, әрбір бүлдіршіннің жеке тұлға болып қалыптасуына, қабілет-қарімінің ашылуына, таным-түйсігінің оянуына барлық жағдай жасау, олардың өз ойын ашық айта білетін, пікірін білдіре алатын көшбасшылық қабілетін қалыптастыруға оқу жылы ықпал етіп, нәтижелі жұмыс жасалып келеді.

Әр оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша іс-шаралар жоспары құрылып бекітілді және осы жоспарға сай балалармен, ата-аналармен, балабақша қызметкерлерімен түрлі жұмыстар жүргізілді.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2018-2019 оқу жылында жүргізілетін іс-шара жоспары**

| № | Тақырыбы                           | Өтілу формасы              | Мерзімі      | Орындауға жауапты                 |
|---|------------------------------------|----------------------------|--------------|-----------------------------------|
| 1 | «Қазақ ауыз әдебиеті асыл қазынам» | Апталықтың ашылу салтанаты | 26.03.2019ж. | Ортаңғы, ересек топ тәрбиешілері  |
| 2 | «Халық өнері асыл қазына»          | Қол өнер туындысы көрмесі  | 26.03.2019ж. | Психолог,                         |
| 4 | «Ертегілер еліне саяхат»           | Қуыршақ театры             | 27.03.2019ж. | Топ тәрбиешілері                  |
| 5 | «Мақал сөздің маржаны»             | Ұлттық бұйымдардан көрме   | 28.03.2019ж. | Топ тәрбиешілері                  |
| 6 | «Екі хұлдыз » Халық әндер байқауы  | Мерекелік іс - шара        | 29.03.2019ж. | Топ тәрбиешілер, Музыка жетекшісі |

ЖШС «Дони» балабақшасы

# «Ертегілер елінде»

Тәрбиеші: Тышимова А.

2019 жыл

## Мақта қыз бен мысық

Баяғыда Мақта қыз болыпты. Мақта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да, мысықты шақырады, мысық келмейді.

Қыз:

-Келмесең келме! –деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп:

-Неге шақырдың?-деп сұрайды.

Мақта қыз айтпайды.

-Ендеше қатығыңды төгем!

Мақта қыз:

-Мен құйрығыңды кесіп аламын!

Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады.

Мысық:

-Апа,апа, құйрығымды берші!

Мақта қыз:

Менің қатығымды төле!

Мысық сиырға барады.

-Сиыр, маған қатық берші!

Сиыр:

-Менің қарным ашып тұр.Маған жапырақ әкеліп берші!

Ағаш:

Мен шөлдеп тұрмын. Су әкелсең, жапырақ беремін.

Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.

-Қыздар, қыздар, маған су беріңіздерші!

Қыздар:

-Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз.

Мысық дүкенге барады.

-Әй дүкенші, маған сағыз берші!

Дкенші:

-Маған жұмыртқа бер.

Мысық тауыққа барады.

-Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші.

ж:

зге дән әкеліп берсең, біз саған жұмыртқа береміз.

Мысық енді не қыламын?- деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанға бас салады.

-Жаңыңның барында айт! Үйінде не бар? Тышқан қорыққанынан:

-Үйімде бір уыс бидай бар.

Мысық: Маған бер.

Тышқан үйіне барып бір уыс бидай әкеліп береді. Мысық тарыны алып тауыққа береді, тауық жұмыртқа береді, жұмыртқаны дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді, сағызды қыздарға береді, қыздар су береді, суды талға береді, тал жапырақ береді, жапырақты сиырға береді, сиыр қатық береді, қатықты апарып Мақта қызға береді, Мақта қыз мысықтың құйрығын қайтарады.

# “ЕКІ ЖҰЛДЫЗ”

(балабакша бүлдіршіндері мен ата-аналары  
арасында ұйымдастырылған сайыс)



Дайындаған:  
муз.жетекшісі *Магзимова Л.К.*

Наурыз, 2019

## «ЕКІ ЖҰЛДЫЗ» байқауының сценарийі

(Фанфар ойналады жүргізуші ортаға шығады)

**Жүргізуші:** Қайырлы күн құрметті ән сүйер қауым! «Екі жұлдыз» байқауына қош келдіңіздер! Біз бүгінгі сайыста ата-аналармен балалардың жұптасып ән айтуларын тамашалайтын боламыз! Және оза шапқан жарық жұлдыздарды сіздермен бірге анықтайтын боламыз. Өздеріңізге ұнаған жұптарыңызға қолдау көрсетіп, қошеметтеп отырыңыздар. Әр жұп жарық жұлдыз болуға лайық. Олай болса шын жүйрікті бірге анықтайық!

Әнді сүйсең, менше сүй,-деп Абай атамыз айтқандай

Санқылдаған көмейі,

Сыбызғының үніндей.

Қалықтатып созғаны Сарыарқаның беліндей.

Барша «Балдырған» қауымын

Үнімен залға сыйғызған «Екі жұлдыз» байқауының қатысушы жұптарын ортаға шақырайық!

(Музыка әуенімен байқауға қатысушы жұптар ортаға шығады)

- Қайырбай Арсен мен анасы Қаныбекқызы Ақбота
- Сұлтанғали Айша мен тәрбиешісі Боранбаева Таңшолпан
- Бергенбай Сағыныш пен анасы Ешмағамбетова Нұргүл



ахналық киімі

(Ойын арқылы жеребе ұйымдастыру)

Бүгінгі «Екі жұлдыз» ән байқауының алғашқы жұбын таныстырып өтейін:

1. Балалармен бірлесіп ой түйеміз,  
Сол ойменен бірге өмір сүреміз.  
Бір қызығы балалармен күлеміз,  
Бір қызығы ойнап бірге жүреміз.

- Сағынбай Айша мен анасымен Атагулла Гулия  
Құрметті көрермендер жұптарымызбен танысып болсақ,  
бүгінгі сайысымызда төрелік ететін әділ-қазылар  
алқасымен танысайық.

- Дюсенбаева Л.К.
- Салык Г.А.

Сайысымыз 1 турдан тұрады. 3-5 баллдық жүйемен бағаланады. Сонымен қатар бағалау критерийлерімен таныстырып өтейін:

- ✓ Сахналық мәдениеті;
- ✓ Ән орындау шеберлігі;
- ✓ С





**Сағынай Айша мен анасы Атагулла Гулия  
«Топ-топ балақан» әнімен**

2. Нұрын шашқан күнімсің ғой жан анам,  
Бар шуағын баласына арнаған.  
Бір өзіңнен қуат алып өмірде,  
Сенің салған сара жолды жалғағам.

**Қайырбай Арсен мен анасы  
Қаныбекқызы Ақбота «Ана мен бала»  
әнімен**

3. Халық әні ұрпаққа берілетін халық  
қазынасы. Халық әні ешқашан да  
ұмытылмайды. Ол асыл мұра. Адамның  
жүрегіне ерекше әсер етіп, қуаныш, мұң,  
тәтті арман, сағыныш пен іңкәрлік  
сезімдерді ұялатып, қалың ой құшағына



бөлейді.

**Бергенбай Сағыныш пен анасы Ешмағамбетова  
Нұргүл халық әні «Сәулем-ай»**

4. Ойыншығым қуыршақ  
Не берсем де жемейді.  
Еркелігі соншама,  
Көтермесем жүрмейді.  
Ойыншықтар көп екен,  
Бірге ойнайық балақай!  
Көгорай шалғын көк екен,  
Жарысайық алақай!

**Сұлтанғали Айша мен анасы**

**Боранбаева Таңшолпан «Ойыншықтар» әнімен**

**Жүргізуші:** Әділ қазылар қорытындылап, көрермендер өз дауысын қалаған жұбына беріп  
болғанша келесі кезекті «Караоке айдарына»  
берейік.

**Ән:** «Қайда»

**Жүргізуші:** Жұлдызды жұптарымыздың  
арасынан жеңімпазды анықтау үшін сахна төріне  
кошеметтеп шақырамыз!  
Марапаттау кезеңі.

**Жүргізуші:** Достық жасасыншы мәңгілік,  
Достықты жүрейік тек ән қылып.





Татулық пен достық біздің Отанды,  
Бастасыншы Бейбітшілік сән құрып.  
Осымен бүгінгі «Екі жұлдыз» ән  
байқауы өз мәресіне жетті. Келесі  
кездескенше сау-саламатта  
болыңыздар!

«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасы

# «Қазақ ауыз әдебиеті — асыл қазына»


аппталықтың ашылу салтанаты



Тәрбиешілер: Алиманова К.Б.

Мағзимова Л.К.

Наурыз, 2019 жс.



## «Қазақ ауыз әдебиеті – асыл қазына»

### апталықтың ашылу салтанаты

**Мақсаты:** Балдырғандарға бабалар өсиеті бағытында, халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға өсиет ретінде жалғасып келе жатқан жұмбақ, жаңылтпаш, мақал- мәтел, нақыл сөздер, санамақ, тақпақтар, ертегілер, әзілкеш сөз сөйлемдерін кеңінен оқыту.

**Жүргізуші:** Ана тілің біліп қой,

Еркіндігің, теңдігің.

Ана тілің біліп қой,

Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте! (Қ.Мырзалиев)

**Айтыс** ортаңғы тобы

**Жүргізуші:** СҮИЕМ ӨЗ ТІЛІМДІ

Сүйсем өз тілімді,

Боламын білімді:

Өз тілім үйретер,

Өнерді, ғылымды.

Сүйем өз тілімді. (Әдібай Табылды)

**Би «Батырлар»**

**Ойын «Қыз қуу», «Теңге алу»**

**Жүргізуші:**

**АНА ТІЛІ**

Мейірі мол балаға

Барлық, барлық анаға,

Басымызды иеміз,

Бабамыздың тілі деп.

Даламыздың үні деп,

Ана тілін<sup>2</sup>, Ана тілін сүйеміз. (Ш.Сариев)

**Би «Қазақ биі» Балбөбек тобы**

**Ойын «Ертегіні жалғастыр»**

**Жүргізуші:** Ана тілім – ұраным,

Ана тілім – құралым,

Ана тілім – болмаса

Мықты болмас тұрағым.

Ана тілім – елдігім,

Ана тілім – ерлігім.

Ана тілім – болмаса

Бүтінделмес кемдігім. (С.Кәттебайұлы)-дей келе, «Қазақ ауыз әдебиеті» апталығын ашық деп жариялаймыз!


# "Халық ауыз әдебиеті-асыл қазына"



"Дууыроқ" орыс. х. ерт.



"Шалқан" орыс. х. ерт.



"Түлкі мен қырғауыл"



қаз. хал. ерт.



Алдар көсенің  
иқырлы тоны  
қаз. хал. ерт.



Алдар көсе мен  
Шығай бай  
қаз. хал. ерт.






# «Халық өнері – асыл қазына»


*Ата-анамен жұмыс (көрме)*

"Вундеркинд" МАД тобы

**Мақсаты:** Ата-аналармен бірлесе отырып, қолөнер көрмесін ұйымдастыру. Балаларды ұлттық ою-өрнек түрлерімен таныстыру. Элементтердің қолданылу аясымен таныстыра отырып, қолөнер бұйымдарына тоқталу, оларды атауға үйрету. Бұйымдардың әсемдігін өз көзімен бағалауға үйрету. Эстетикалық талғамын қалыптастыру.



# "Халық өнері асын қазына"





# Ою-өрнектер әлемі

Балалар шығармашылығы көрмесі






"Пысықтар" ортаңғы тобы

**Мақсаты:** ою-өрнектің тілін түсіндіру, сырына мәне беру арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Ою-өрнек арқылы балалардың ой-өрісін жан-жақты дамыту, халқымыздың салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.



## Тақырыбы: Ою- өрнектер әлемі

**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ою-өрнегімен, оның тарихымен, мағынасымен таныстыру. Ою-өрнектің тілін түсіндіру, сырына терең мән беру арқылы балалардың шығармашылығын дамыту. Халқымыздың асыл мұрасын, салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.






## A collection of various folk art patterns and designs, including geometric shapes, floral motifs, and stylized figures, displayed on a dark background. The designs are arranged in a collage-like fashion, with some overlapping. The patterns include a fleur-de-lis, a hexagonal floral design, a stylized figure, and various geometric and floral motifs. The designs are rendered in a variety of colors, including red, blue, yellow, and green. The patterns are arranged in a collage-like fashion, with some overlapping. The designs include a fleur-de-lis, a hexagonal floral design, a stylized figure, and various geometric and floral motifs. The designs are rendered in a variety of colors, including red, blue, yellow, and green.

*Мақсаты: қазақ ұлттық қол өнеріне қызығушылығын арттыру. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің атауларын бекіту, шығармашылық қабілетін дамыту, эстетикалық талғамын жетілдіру. Өз халқына сүйіспеншілік сезімін, патриоттық сезімін ояту.*

## Тақырыбы: Ою- өрнектер әлемі

Мақсаты: Балаларны қазақтың ою-өрнегімен, оның тарихымен, мағынасымен таныстыру. Ою-өрнектің тілін түсіндіру, сырына терең мән беру арқылы балалардың шығармашылығын дамыту. Халқымыздың асыл мұрасын, салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.





# Ою-өрнектер әлемі

Балалар шығармашылығы көрмесі

"Ертегі әлемі" ересек тобы

**Мақсаты:** қазақ ұлттық ою-өрнектерін тануға, оларды дәстүрден тыс әдістермен салуға үйрету. Олардың атауларын, қолдану аясын түсіндіру. Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.








## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

### «Ұлттық өрнектер-асыл қазынам»

*Балаларды ұлттық ою-өрнекпен таныстыру. Ою-өрнектердің қолданылу аясымен таныстыра отырып, ұлттық қолөнер бұйымдарына тоқталу, олардың аттарын атауға үйрету.*

*Бұйымдардың әсемдігін өз беттерімен бағалауға үйрету. Эстетикалық талғамын, патриоттық сезімдерін ояту.*







# Наурыз нақыштары

Балалар шығармашылығы көрмесі

"Пысықтар" ортаңғы тобы

**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық қолөнері арқылы балалардың шығармашылығы мен іздемпаздығын қалыптастыру.



# Наурыз нақыштары

Ұлттық бұйымдар көрмесі

"Вундеркинд" МАД тобы

**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық қолөнері арқылы балалардың шығармашылығы мен іздемпіздыгын қалыптастыру.

